

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ИДЕЯСЫ – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ

Жомарт Р.

Ғылыми жетекші: Абдрахманова К.Ж

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті

Қазақ халқының мандайына біткен жарқын жұлдыздардың бірегейі, данышпан Әлихан Бөкейхан тарихта кешірілмейтін қателіктерді бізге ескертіп «Қазақтың тарихы» мақаласында, бүгіннен 110 жыл бұрын айтқан болатын: «...Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел – қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғанын білмейді, келешекте басына қандай күн туашығына көзі жетпейді... Тарих не айтады? – десеңіз, оның айтатыны мынау: біздің бұрынғы бабаларымыздың кім екендігі; олардың дүниеде не істеп, не бітіргендігі; қандай қуатты барлығы, ол қуатты не орынға жұмсағандығы; істеп жүрген ісінің қайсысынан пайда, қайсысынан зарар көргендігі; бұрынғы бабаларымыздың досты-дұшпаны кіс екендігі; не себеппен бағы тайғандығы және соған ұқсас істердің барлығын тарих сөйлеп түсіндіріп тұрады...» [1].

Ұлтының тарихын зерттей келе, Әлихан Нұрмұхамедұлы, алты алаштың бірлігінің болмауы, соның салдарынан тәуелсіздігінен айырылуының ең басты сыры-бұрынғы хан-сұлтандардың Ресей империясы тарапынан отарлау қаупі төнген сәтте де өз билігіндегі ру-жүздерді біріктіре алмауы екенін біледі. «Бұрынғының көбі, күш-қуатты тиісті орнына жұмсамай, бірінің көзін бірі шұқудан уақытты артылмады, істегенінің бәрі жәбір, залым болды; қылғанының бәрі зорлық-зомбылық еді», - деп жазды Әлихан Нұрмұхамедұлы 1913 жылы «Қазақ» газетіндегі «Қазақ тарихы» мақаласында. Сол себепті де Әлихан Бөкейхановтың туған халқы алдында бұрынғы хан-сұлтандардың тікелей ұрпағы ретінде өзін айыпты сезінді, кең сахардаласында емін-еркін ғұмыр кешкен, өзіндік салт-дәстүрі, мәдениеті бар халқын еш қарсылықсыз отарлыққа жегіп жіберген алдыңғыхан-сұлтандардың бар кінәсі мен халқының келешек тағдыры үшін бар жауапкерлікті өз мойнына алды. Әлихан Бөкейхановтың 1914 жылы жазған мақаласының бірінде: «Хан баласында қазақтың хақысы бар еді, тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын», - деп жазды. Әлихан соңғы демі біткенше осы сертіне адал болды [2,401-402 б].

Қазақ жерінің отарлануы мен байырғы жер иесі – қазақ халқына сол кездің өзіне тиіп отырған және алда да тигізе беретін аса ауыр зардаптары туралы бірқатар ірі еңбектері Әлихан Бөкейхановтың алға қойған мұратының жарқын мысалдары бола алады. Оның «Қазақтың суармалы егістік жерлерінің алынуы», «Дала өлкесінің түкпірлеріндегі орыс қоныстары», «Ақмола облысындағы переселендерінің жер үлестері» деп аталатын мақалаларының тақырыптарынан-ақ оның қандай өзекті мәселелерді арқау еткені айқын аңғарылады. Әлихан Бөкейхановтың бұл мақалаларды басқа жерде емес, отаршыл метрополияның дәл жүрегінде – Петербург қаласында, «Сибирские вопросы» журналында жариялады.

Әлихан Бөкейхановтың Қазақ автономиясы үшін «Ұлт Кеңесін құру» қажет деп санады. Яғни: «Біз 5 миллион қазақпыз, өзімізді қорғайтын күш өзімізден табылады. Сол күштерді реттеп жасайтын кеңес орындары қажет. Мемлекет ісі күн сайын құбылып, түрлі күйге түсіп тұрған шақта, бүкіл қазақтың атынан әрбір жұмысты ақылдасатын жоғары дәрежедегі «Ұлт кеңесі» болу керек. Ол «Ұлт Кеңесі» әр облыста бөлімі боларға керек. «Ұлт Кеңесіне» халықтың сенімді адамдары сайланып, іс жүргізу қажет», - деп келтіреді [3,46-47 бб.].

Ойымызды нақтылай келе, Қазақ үшін Алаш идеясынан, оның бес ұлы нысанынан артық мүдде болуы тиіс емес. Ол идея бүгін де өзінің мүдделі мақсатын жойған жоқ. Қайта тәуелсіздіктің тамыры тереңге кеткен сайын, алдымызға сұрақ болып шығып отыр. Ол идеялар мыналар болатын:

Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді».

Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Әлихан Бөкейхановтың айтуынша, «оның әр бір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.

Үшінші ұстаным: Әлихан Бөкейхановтың жолбасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс.

Төртінші ұстаным: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілдің, діл үстемдігі болуы керек.

Бесінші ұстаным, түпкі мақсат: ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді. Ал бұл идеялардың ұйытқысы болатын.

Осынау стратегиялық мақсаттарға жету жолында ұлттық зиялы қауымға да, қарапайым бұқара халыққа да жақын идея өте қажет еді. Әлихан Бөкейхановтың қазақтарды руға да, жүзге де жіктемеді, әлеуметтік мәртебесіне де, біліміне қарай да бөле-жармады. Қазақты біртұтас халық ретінде көргісі келді. Осы орайда ол ұсынған Алаш атауы ұлтты ұйыстыруға мұрындық болатын тамаша идея болып шықты. Бұл идеяны Әлихан Бөкейхановтың Алаш қозғалысы пайдак болғанға дейін-ақ әрдайым айтып жүрген еді. Сонау 1910 жылдың өзінде-ақ «Қазақтар» деп аталатын тарихи очеркінде қазақтардың соғыс ұраны «Алаш деген мифтік тұлға» екенін атап өткен болатын. 1913 жылы жазған «Қазақтың тарихы» деп аталатын мақаласын Алаш атауына тереңірек тоқталып, Алаш атауының астарында «жетекші» еген мағына жатқанын айтады. «Жошы ханды халық «Алаш» деп атап кетті. Бұл Алаштың – алаш жұртының басшысы» екенін білдіреді, -деп жазады «Түрік баласы» («Қазақ», 1913, №7)

Бүкіл саналы өмірін халқына, халқының азаттығына арнаған арнаған Әлихан Бөкейхановтың барлық қажыр-қайратын, білім, дарын-талантын патша өкіметі кезіндегі қыспақ-қанау, отаршылық-зорлық кезінде қалам күшімен жазылған еңбектерінде қалың қазақтың өз ішіндегі алауыздық, жалқаулық, ел тағдыры ең басты нәрсе білім, оқу екендігін дәлелдейді. Осы бағытта жанын аямай еңбек етті.

Алашорда автономиялы үкіметтің тұңғыш төрағасы сол кездегі Алаш зиялылары сияқты әр саланың білгірі. Ресми түрде атайтын болсақ, ғұлама ғалым экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицистретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған тұлға. Халқымыздың сарқылмас қазынасы – ауыз әдебиеті мұраларын жинау, оларды жіктеп, өңдеп бастыру, әдебиеттану, көркем аударма Әлиханның сонау бастан сүйсіне атқарған істерінің бірі. «Қазақтың ұлт болып өркениетті ел қатарлы өмір сүруі үшін ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін әдебиетін өрістетуге керек. Өз әдебиетін қалыптастыруда табысқа жеткен халық қана азат өмір сүре алады» деп білген Әлихан ұлттық әдебиетімізді өркендетуде жан-тәнімен еңбек етеді [4,91 б.].

Ағартушы, ғалым Әлихан бөкейхановтың қаламынан туған «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи», «Киргизи», «Жағрафия», «Астрономия», «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» атты еңбектері оқушы қауымға арналған тарихи, саяси, этнографиялық, географиялық тұңғыш еңбек болып табылады.

Әлихан Бөкейхановтың педагогикалық мұраларындағы зерттеулерінде оқыту мен тәрбиелеу бір-бірімен байланыста болатын үрдіс ретінде қарастырады. Тұлғаны қалыптастыруда тәрбиенің атқаратын ролін Әлихан өз еңбектерінде жан-жақты дәлелдейді. Оның қазақ отбасындағы бесік тәрбиесі, ұл бала мен қыз балаларға арналған салт-дәстүр бойынша тәрбиелеуді өзінің еңбектерінде арқау етті. Ағартушы, қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановтың ойынша: «әрбір қазақ баласы өз еліне, халқына адал қызмет ету, бауырларына қамқор болу керек, сонда біз армандаған қазақ елінің азаматын тәрбиелейміз», - дейді. Бұл айтылған талғымдық өнегенің ұлттық мүде және мұралармен де шендесіп жатқанын білеміз.

Тәрбиесіз жинақталған білімнің қоғамға тигізер пайдасы болмайтындығын айтады. «Ән өлең һәм оның құралы» атты мақаласында эстетикалық тәрбие өз көрінісін тапқан. Автор өнердің тұлғаны қалыптастырудағы ролін ерекше атап өтеді. «Ән адамның бар ет тамыр, сүйек-сүйегін қозғайды, бәрін ерітеді, елжіретеді», - деп жазады автор. Әлихан Бөкейхановтың бұл ойы әннің құдіреттілігін бейнелейді. Ән дене тәрбиесіне әсер ететіндігін көрсетеді. «Жаңа туған бала жылау әні, соқылдау әнімен дүниеге келеді», - дейді.

Әлихан Бөкейхановтың қазақ егіншілігі мен мал шаруашылығы, соның ішінде қазақтың сиыр, қой және жылқы шаруашылығы туралы іргелі зерттеулер жариялады. Қазақ тарихы, әдебиеті мен фольклоры туралы жүздеген мақалалар жазып, «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Ер тарғын», «Ер Сайын» секілді халық ауыз әдебиетінің бірнеше үлгілерін жинақтап, баспа бетіне шығарды. Ол ғылыми атаққа да, ғылыми дәрежеге де ұмтылмады, өйткені негізгі күш-жігерін саяси күреске жұмсады. Кейде ғылыми жұмыстарын еріксіз саяси күрес барысында жазуға тура келді. Академик Әлкей Марғұланның естеліктерінде, Алаш көсемінің 1925-1927 жылдар аралығында Ленинград мемлекеттік университетінің профессоры болғандығы айтылады.

Өз дәуірінен озық ойлайтын Әлихан Бөкейхановтың дидактика туралы айтылған дәйекті пікірі бүгінгі этнопедагогиканың қағидаларымен байланысты болатын практикалық әдістің лабораториялық әдіске жақын екенін дәлелдейді. Оның ойынша, практикалық әдіс мұғалімінің басшылығымен сабақты бекіту кезеңінде қолданылады. Әлихан Бөкейханов оқушының қажетті білім алуы мұғалімнің шеберлігіне байланысты екендігін айтады. Ол былай деп жазады: «Баланы баулыған оқытушы ісіне шебер болса, өзі де, балаларды табиғатты әліп-бией оқып, аты бәйгеден келіп, бүркіті түлкі алып қызыққа батады да, қуанады. Бала оқуға күйі түскен қаршығадай, түлеп ұшады», - деп келтіреді [4, 92б].

Әлихан: «Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ», деп алаштың жоғын жоқтап, барын түгендеп, ұлтымыздың қамын жеп өткен жұрт шырақшысы. Азаттық жолындағы арпалыспен өткен күреске толы ғұмырында ол ұлтының ертеңі үшін бар күш-жігерін, білім-тәжірибесін жұмсаумен бірге, басын бәйгеге тігіп, жанын да қиды. Қазақтың өз жерін еркін жайлап, өз елінің төрінде отырып, ұл-қызын қазақша оқытып, билік пен төрелікті қазақ тіліне айтуы үшін аянып қалған жоқ. Қазақ тілінде газет шығарды, қазақша кітаптар бастырды, жүздеген мақалалар жазды. Өзгелердің озық ойларын қазаққа жеткізем, көркемдік танымын кеңейтем деп аударма да жасады. Қайсар рухты, асыл текті қайраткердің көшбасшылық арынымен де, қаламының қарымымен де қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына қосқан үлесі, сіңірген еңбегі де елеусіз қалмауы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақтың тарихы. Түрік баласы. «Қазақ» газеті, №2, 1913 жыл
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. «Ә-Г» \ бас ред. Ә.Нысанбаев – Алматы : «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. – 2-т.-720 б. ; 401-402
3. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы : «Қазақстан», 1994. – 384 б.
4. Әбдікәрімұлы Б., Байменова Б. Алашорда қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы. – Астана, 2008. -123 б.

АЛАШ ОРДА - ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫНЫҢ БАСТАУЫ

Жумашева М.А.

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Бимаканова З.Ш

Қазақ мемлекеттілігіне және жаңашылдығына бастау болған “Алаш” партиясының тәуелсіз ел болуға қосқан үлесін жеткізу, саяси тұрғыда ақпараттандыру. ХХ ғасырдың 20 жылдардағы “Алаш” партиясының Қазақстан тарихындағы алатын орны, “Алаш” зиялыларының қазақ қоғамындағы атқарған қызметі, сонымен қатар “Алаш”